

Облыстық бюджет пен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасындағы 2026–2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы

Абай облысы мәслихатының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы № 32/214-VIII шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 7- тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 82 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының, 1-тармағының 1) тармақшасына, "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026–2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Абай облысы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден облыстық бюджетке 2026 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 18 431 049 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Семей қаласынан – 13 446 884 мың теңге;

Курчатов қаласынан – 126 255 мың теңге;

Аягөз ауданынан – 4 857 910 мың теңге.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден облыстық бюджетке 2027 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 31 663 445 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Семей қаласынан – 23 373 739 мың теңге;

Курчатов қаласынан – 412 232 мың теңге;

Аягөз ауданынан – 4 933 883 мың теңге;

Бородулиха ауданынан – 939 690 мың теңге;

Жарма ауданынан – 2 003 901 мың теңге.

3. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден облыстық бюджетке 2028 жылға арналған бюджеттік алып қоюлар 44 729 764 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Семей қаласынан – 36 133 201 мың теңге;

Курчатов қаласынан – 420 472 мың теңге;

Аягөз ауданынан – 4 653 216 мың теңге;

Бородулиха ауданынан – 1 037 166 мың теңге;

Жарма ауданынан – 2 485 709 мың теңге.

4. Облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге берілетін 2026 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 19 389 068 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Абай ауданына – 1 865 215 мың теңге;
Бесқарағай ауданына – 1 753 428 мың теңге;
Бородулиха ауданына – 232 634 мың теңге;
Жарма ауданына – 695 249 мың теңге;
Көкпекті ауданына – 2 562 185 мың теңге;
Ақсуат ауданына – 2 999 423 мың теңге;
Жаңасемей ауданына – 1 041 622 мың теңге;
Мақаншы ауданына – 4 908 716 мың теңге;
Үржар ауданына – 3 330 596 мың теңге.

5. Облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге берілетін 2027 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 10 440 535 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Абай ауданына – 1 352 976 мың теңге;
Бесқарағай ауданына – 1 455 817 мың теңге;
Көкпекті ауданына – 1 595 611 мың теңге;
Ақсуат ауданына – 2 277 091 мың теңге;
Жаңасемей ауданына – 209 351 мың теңге;
Мақаншы ауданына – 1 831 242 мың теңге;
Үржар ауданына – 1 718 447 мың теңге.

6. Облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге берілетін 2028 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 9 417 357 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Абай ауданына – 1 434 725 мың теңге;
Бесқарағай ауданына – 1 482 316 мың теңге;
Көкпекті ауданына – 1 671 992 мың теңге;
Ақсуат ауданына – 578 337 мың теңге;
Жаңасемей ауданына – 448 691 мың теңге;
Мақаншы ауданына – 2 087 558 мың теңге;
Үржар ауданына – 1 713 738 мың теңге.

7. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Абай облысы мәслихатының төрағасы

III. Байбеков